

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
КЕАҚ Ғылыми кеңес отырысында
11.06.2024 ж. №11 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ**

**D017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламалары
тобына докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D017 «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын кұрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға
арналған тақырыптар:**

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні

1 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің мәні мен міндеттері. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттелуі, оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы

зандылықтар. Қазақ тілі оқыту әдістемесінің мақсаттары. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің нысаны мен мазмұны.

2 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының методологиялық-теориялық негіздері. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері. Зерттеудің теориялық әдістері. Студенттердің психологиясы: ұлттық, әлеуметтік, кәсіби сипаттама.

3 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының басқа ғылымдармен байланыстылығы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің психология, педагогика, логика, философияғылымдармен байланысы. Салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасау.

4 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу, даму жолдары. Қазіргі қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеушілер мен олардың бағыттарын талдау. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі

5 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары: а) Қазақ тілін оқытудың ғылымилық ұстанымы; ә) Жүйелілік ұстанымы; б) Көрнекілік ұстанымы; в) Саналылық пен белсенділік ұстанымы; г) Тереңіні практикамен байланыстыру ұстанымы; ғ) Түсінуге жеңіл қолайлылық ұстанымы; д) Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру ұстанымы.

6 тақырып. Қазақ тілін дебат технологиясы арқылы оқытудың ерекшелігі. Дебат технологиясының негізгі түсінігі мен басты құндылықтары. Дебат технологиясын өткізудің тиімді әдісі. Дебат технологиясын қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту жолдары.

7 тақырып. Қазақ тілі пәндерін оқыту формалары. Қазақ тілін оқыту бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешен және оның құрылымы. Білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі құжаттар. Қазақ тілін оқыту үрдісінің түрлері.

8 тақырып. Қазақ тілі пәндері бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Қазақ тілі және әдістемесі пәндері бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаты.

9 тақырып. Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары. Өздік жұмысты ұйымдастырудың түрлері. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Студенттердің өзіндік жұмыстарын басқарудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары.

10 тақырып. Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытудағы мемлекеттік саясат принциптері. Білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі құжаттар. Мемлекеттік білім беру стандартының атқаратын функциялары. Қазақ тілі пәні бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешен.

11 тақырып. Қазақ тілін инновациялық технологиялар арқылы оқыту. Қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудағы инновацияның рөлі. Оқу жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық бағыттар.

12 тақырып. Қазақ тілін оқытуға арналған дидактикалық технологиялар. Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің түрлері. Дидактикалық әдістер және оларды классификациялау туралы көзқарастар. Техникалық құралдармен жұмыс істеу әдісі.

13 тақырып. Қазақ тілін өнімді оқыту. Жоғары мектепте қазақ тілін өнімді оқыту принциптері. Оқытудың өнімді нұсқалары (варианттары). Зерттеу әдісі, мәселелік жағдай, мәселелік жағдайды талдау әдісі, мәселе шешімінің дұрыстығын тексеру, т.б.

14 тақырып. Тіл мәдениеті және оны оқыту әдістемесі. Студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Тілдік қарым- қатынас. Тілдік таным теориясы. Тілдік тұлға теориясы. Студенттердің жеке танымдық стилін қалыптастыру.

15 тақырып. Қазақ тілін оқытуда онлайнды қолдану ерекшеліктері. Қазақ тілін оқытатын онлайн курстар. Қазақ тілін оқытуда онлайнды қолдану ерекшеліктері. Онлайн сабақтардың түрлері. Оқу үрдісінде онлайн курстарды қолдануға қойылатын талаптар.

16 тақырып. Стилистиканы оқыту әдістемесі. Стыльдік норма және оны оқыту әдістемесі. Стилистиканы оқытудың мазмұны, мақсаты, міндеттері. Ғылыми стиль. Ғылыми стильге қойылатын талаптар. Ғылыми еңбектерді семантика-стилистикалық талдау әдістемесі.

17 тақырып. Фонетикасы оқыту әдістемесі. Жоғары мектепте фонетикасы оқыту мәселесіне қатысты зерттеулер. Жоғары мектепте фонетиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фонетиканы оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері. Фонетикалық талдау. Фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлері. Фонетикалық диктанттар.

18 тақырып. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқыту әдістемесі. Қазақ тілінің жүйесін құраушы кіші жүйе ретіндегі лексиканы және аралық деңгей фразеологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері. Лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс – тәсілдер жүйесінің ерекшеліктері. Фразеологияны оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фразеологияны меңгерту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту. Фразеологияның жасалу жолдарын көрсету.

19 тақырып. Сөзжасамды оқыту әдістемесі. Сөзжасамды сөз таптарымен, орфографиямен, тіл мәдениетімен және стилистикамен байланыстыра оқыту жолдары. Сөзжасам әдістемесі. Сөзжасамға арналған жаттығулар. Сөзжасамды оқытуда көрнекі, техникалық құралдарды, сөздіктерді пайдаланудың тиімділігін көрсету.

20 тақырып. Грамматиканы оқыту әдістемесі. Морфологияны оқыту әдістемесі.

Грамматиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері. Грамматикалық ұғымдар жүйесі мен оларды меңгерту әдістерінің жүйесі. Морфологияны оқытудың жалпы білім берудегі практикалық маңызы. Морфологияны оқытудың ұстанымдары. Негізгі морфологиялық ұғымдар жүйесі

21 тақырып. Синтаксисті оқыту әдістемесі. Қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі. Қазақ тіл ғылымының синтаксис жөніндегі зерттеулері. Синтаксисті оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау. Синтаксисті оқытуға байланысты жүргізілетін негізгі жұмыстардың, жазба жұмыстарының, жаттығу жұмыстарының түрлерін белгілеу.

22 тақырып. Сөз тіркесін оқыту әдістемесі. Сөз тіркесінің коммуникативтік бірлік – сөйлем құрау материалы екендігі. Сөз тіркесінің құрамы мен сөз тіркесінің түрлері. Сөз тіркесін өзіне ұқсас тұлғалармен салыстыра беру, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айырта алуға үйрету. Сөз тіркесінің жасалуындағы синтаксистік байланыстар мен синтаксистік қатынастарды танудың алатын маңызды орнын көрсету.

23 тақырып. Жай сөйлемді оқыту әдістемесі. Жай сөйлемнің зерттелуі. Жай сөйлем жасалуындағы синтаксистік байланыстар. Жай сөйлемнің құрылымдық – мағыналық жүйесі және оны меңгерту әдістемесі. Жай сөйлемнің мағыналық түрлері. Жай сөйлемді талдау.

24 тақырып. Сөйлем мүшелерін оқыту әдістемесі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және олардың сөйлемнің қызметін атқаруын ұғындыру жолдары. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері және А.Байтұрсынұлының сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін оқыту әдістемесі. Сөйлем жасалымындағы сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің комбинаторлық ауысудың атқаратын мағыналық қызметін талдау әдістемесі.

25 тақырып. Қазақ тілін оқытудың мақсаттары. Қазақ тілі оқыту мақсаттары үш тобы. Білім беру мақсаттары. Тәрбиелік мақсаттар. Студенттердің когнитивтік құзыреттілігін қалыптастыру

26 тақырып. Модульдік оқыту жүйесі арқылы тіл дамыту. Модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдану. Модульдік оқыту технологиясының мазмұны. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы. Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы.

27 тақырып. Құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесі. Құрмалас сөйлемнің құрылымдық - мағыналық жүйесі туралы зерттеулер. Салалас құрмалас сөйлемді оқыту. Сабақтас құрмалас сөйлемді оқыту. Құрмалас сөйлемді талдау әдістемесі.

28 тақырып. Мәтінді оқыту әдістемесі. Жоғары мектепте мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі. Мәтіннің негізгі белгілерін анықтаудағы негізгі ұстанымдар мен оларды студенттерге меңгерту әдістемесі. Мәтінді оқытуда фонетикамен, лексикамен, сөзжасаммен, морфологиямен, сөз тіркесі, сөйлеммен байланыстыру әдістері. Мәтінді құраушы тіл бірліктерінің мәтін құрылымындағы байланысу жолдары көрсету.

29 тақырып. Орфографияны оқыту әдістемесі. Орфографияны оқытудың ғылыми – практикалық маңызы, міндеттері, ұстанымдары. Орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда орфографиялық сөздіктерді қолдану әдістері. Жоғары мектепте пунктуация бойынша жұмыс жүргізудің маңызы мен міндеттері.

30 тақырып. Қазақ тілін интербелсенді оқыту әдістемесі. Интербелсенді оқытуды жүзеге асырудың негізгі шарттары мен ережелері. Интербелсенді оқыту әдістері: «Миға шабуыл», «дөңгелек үстел» әдісі. Студенттердің сөздік қорын дамытуға арналған интербелсенді әдіс-тәсілдер.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәні

1 тақырып. Әдебиетті дәуірлеу мәселелері. Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар (б.з.б. VII – б.з. IV ғ.). Сақ, ғұн дәуірлеріндегі әдебиет. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Оғыз қағанаты дәуіріндегі әдебиет және «Оғыз нама». «Қорқыт ата кітабы». Зерттелуі.

2 тақырып. Ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлер. Жүсіп Баласағұнидың, Махмұт Қашқаридың, Қожа Ахмет Ясауидың, А.Иүгінекидің мұрасы.

3 тақырып. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. «Қисса Жүсіп», «Жүмжұма» дастандары. Сайф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» дастаны. Тыңтума әдебиет және Хорезмидің «Мұхаббат-нама» дастаны. Құтыб ақынның «Хұсрау-Шырын» дастаны. Рабғузидің «Қисас-ул әнбия» ескерткіші.

4 тақырып. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы. Жыраулар мұрасының қазақ әдебиетінен алар орны. Жыраулардың толғауларындағы қазақ хандығының құрылуы, ел тағдырына қатысты деректер. Жыраулар поэзиясына қатысты зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар.

5 тақырып. XVIII ғасырдағы қазақ билері және қазақ әдебиеті. Қазақ қоғамындағы билер институтының маңызы. Төле би Әлібекұлының, Қазыбек би Келдібекұлының, Әйтеке би Бәйбекұлының алқалы жиындарда, ел басына күн туған, шапқыншылығы мен жаугершілігі мол замандағы билік сөздері. Билердің кісілік, шығармашылық тұлғасын таныту мақсатында Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, А.Нысаналы, Ж.Дәдебаевтар жазған еңбектердің, Х.Сүйіншәлиев зерттеуінің мәні мен маңызын зерделеу.

6 тақырып. XIX ғасырдағы сал-серілер. Ән өлең. Өнерпаздық, сыршылдық ағым. XIX ғасырдағы сал-серілік өнер дамуының тарихи алғышарттары.

7 тақырып. XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері. Сүйінбай Аронұлының айтыстары. Біржан-Сара айтысы туралы тұжырымдар. Шөжемен Кемпірбай айтысы.

8 тақырып. Зар заман поэзиясы. М.Әуезовтің зар заман поэзиясына қатысты ғылыми тұжырымдары. Шортанбайдың әдеби мұрасы. Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасы. Мұрат Мөңкелының әдеби мұрасы туралы Х.Сүйіншәлиевтің, Қ.Сыдықовтың пікірлері.

9 тақырып. Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жыраулық поэзия. Махамбет өлеңдерінің көркемдік сипаты. Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр тұлғасы.

10 тақырып. XIX ғасырдағы бостандық күрес жырлары. Тарихи өлеңдер мен жырлар. XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарындағы шығармалар. Мәделіқожа, Майлықожа ақындардың ел мен жер тағдырына, Қоқан, Хиуа билешілеріне қарсы наразылық туындылары. «Кенесары-Наурызбай», «Жанқожа батыр», «Бекет батыр», «Исатай –Махамбет» жырлары.

11 тақырып. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы. Ш.Уәлихановтың

өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер. Шоқанның халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеудегі рөлі.

12 тақырып. Ыбырай Алтынсарин - ағартушы-педагог ғалым. Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер. Ыбырай Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің маңызы.

13 тақырып. XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет. Абайдың әдеби мұрасы. Абайдың ел билеушілеріне сыни тұжырымдары. Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалығы туралы А. Байтұрсынов, Ғ. Сағди, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайлов, Қ.Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, т.б. ғалымдардың пікірлері. Абай ақындығының айналасы. Абайдың алдындағы қазақ поэзиясы. Дулат және Абай. Абай және Шығыс. Абайдың өлең құрылысына, ақындық әлеміне Шығыс әсері. Абайдың қазақ өлеңіне Европа үлгісін енгізуі. Абай және орыстың классикалық әдебиеті.

14 тақырып. Абайдың ақындық мектебі. Абайтанудағы «Абай ақындығының айналасы», «Абайдың ақындық дәстүрі» ұғымдарын айқындай, ажырата түсу қажеттігі. Осы орайдағы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Мұхаметханов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев т.б. ғалымдардың пікір-түйіндері.

15 тақырып. Абайдың дастандары. «Ескендір» поэмасының тақырыптық-идеялық мәні. Абай дастандарының көркемдікерекшеліктері және зерттелуі.

16 тақырып. Абайтану. М.Әуезов және абайтану. С.Мұқановтың абайтанудағы зерттеулері. Қ.Жұмалиевтің Абай поэзиясының тілін, жаңа түрін зерттеуі. С.Қирабаев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, А.Нұрқатов, Ж.Ысмағұлов, т.б. ғалымдардың абайтанудағы еңбектері. Тәуелсіздіктен кейінгі абайтанудағы ізденістер.

17 тақырып. XIX ғасыр әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі. Әдеби мұраны бағалау жайлы 1957 жылғы партия қаулысы. XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы және зерттелуі.

18 тақырып. XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет және қоғамдық-әлеуметтік жағдай. Алаш зиялылары және оқу-ағарту, мектеп, баспасөз, баспа ісі т.б. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар.

19 тақырып. XX ғасыр басындағы жанрлардың даму үдерісі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров және діни-ағартушылық бағыт. XX ғасырдағы көркемдік әдістер. Шәкәрім шығармашылығының жанрлық сипаты және көркемдік.

20 тақырып. XX ғасыр басындағы ағартушылық идея. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығындағы ағартушылық идея. Ақын шығармашылығындағы әлеуметтік өмір шындығы. М.Сералин, Т.Жомартбаев т.б. шығармашылығындағы ағартушылық-демократтық көзқарастар. С.Көбеев, М.Сералин, С.Дөнентаев т.б. шығармашылығындағы кезең шындығының бейнеленуі.

21 тақырып. Алаштың азатшыл әдебиеті.

А.Байтұрсынов шығармашылығындағы азатшыл рух. «Қырық мысал», «Маса» еңбектерінің маңызы. Ж.Аймауытов – проза жанрының шебері. «Бақытсыз Жамал» – тұңғыш роман. М.Жұмабаев – азатшыл ойдың, сұлу сезімнің жыршысы. Жүсіпбек, Мағжан прозасының көркемдік әлемі. Алаштың азатшыл әдебиетінің зерттелуі.

22 тақырып. Қазақ кеңес прозасындағы замана шындығы. М. Әуезов, С. Ерубаяев, С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин және т.б. кеңестік қаламгерлер шығармаларының идеялық-тақырыптық ерекшелігі және жаңашылдық.

23 тақырып. 1960-1990 жылдардағы қазақ прозасы. Тақырып, жанр мәселесінің даму ерекшеліктері. Әлеуметтік-философиялық, психологиялық, публицистикалық, лирикалық, хроникалық, биографиялық, документальды проза түрлері. 1960 жылдар прозасының тақырыптық жанрлық сипатының даму, өркендеу ерекшелігі. Роман жанрының дамуы. Тарихи тақырыптың белең алу көріністері. Шығармашылық ізденістер сипаты. Әлемдік әдебиетпен байланысы. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық характер сомдау проблемасы. 1960-1990 жылдардағы қазақ прозасының зерттелуі.

24 тақырып. Қазақ қаламгерлерінің ізденістері. М.Әуезов, С.Мұқанов,

Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Нұрпейісов, Х.Есенжанов, І.Есенберлин, З.Шашкин, С.Жүнісов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Б.Соқпақбаев, С.Мұратбеков, С.Шаймерденов, Б.Нұржекеев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, О.Бөкей, Д.Исабеков, Т.Нұртазин, Т.Нұрмағанбетов, Т.Әбдіков, т.б. басты еңбектері, көркемдік жүйесі. Көркем туындылардағы адам әлемі, кейіпкер бейнесі. Алпысыншы жылдардан кейінгі прозадағы ұлттық мінез сомдаудағы ерекшеліктер.

25 тақырып. Балалар әдебиеті. Қазақ әдебиетіндегі балаларға арналған шығармалар. Сапарғали Бегалин, Қалмақан Әбдіқадіров, Өтебай Тұрманжанов, Мұзафар Әлімбаев, Бердібек Соқпақбаев, Сансызбай Сарғасқаев, Өтепберген Ақыпбеков т.б. сияқты ақын-жазушылардың баланың ішкі жан дүниесін, психологиясын берудегі шеберлігі. Балалар әдебиетінің зерттелуі.

26 тақырып. Қазақ повесі және әңгіме жанры. Повесть және әңгіме жанрының даму ерекшеліктері. Повесть және әңгімелердегі замана шындығын көрсету проблемасы. Тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық жаңалықтар. Өмір-уақыт сырлары. Адам мен оның еңбегінің көрінуі. Образ жасау жолдары. Адам мұраты мен тағдыры. Кезең көріністері. Руханият бедері. Повесть және әңгіме жанрына қатысты іргелі зерттеулер.

27 тақырып. 1960-90-шы жылдардағы қазақ поэзиясы. Қазақ поэзиясындағы тақырыптық-идеялық, көркемдік бітімі. 1960 жылдардан кейінгі кезеңдегі Ұлы Отан соғысы тақырыбының қазақ поэзиясында жырлану сипатымен қатар кеңес адамдарының отаншылдық сезімі, ғарышты игеру, халықтар достығы, адамгершілік, мораль, этика мәселелері кеңінен жырланды. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүр мен діни тақырыптағы өлеңдер жазыла басталды. Әдебиетке 60-шы жылдары қосылған ақындар поэзиясының ерекшелігі. Поэзиядағы тақырып, жанр проблематика мәселелері. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы және жаңашылдық. 1960 жылдар поэзиясындағы лириканың даму ерекшелігі. Эпикалық жанрдың даму сипаты. Ақындық өнер. Жанр табиғаты. Ізденіс арналары. 1960-90-шы жылдардағы қазақ поэзиясының зерттелуі.

28 тақырып. 1960-90-шы жылдардағы драматургия. Драматургиядағы идеялық бағыттар мен тақырыптық ізденістер. Драмалық тартыс пен типтік образ жасау жолындағы тенденциялар. Тақырып төңірегіндегі саяси шектеудің зардаптары. Драматургиялық жанр табиғаты. Психологиялық, қаһармандық драманың өркендеуі. Пьесалардың тақырыптық сипаты, жанрлық құрамы, сюжеттік желісі. Образдар жүйесі, тартыс табиғаты. 1960-90-шы жылдардағы драматургия жанрының зерттелуі.

29 тақырып. 60-90-шы жылдардағы әдебиеттану ғылымы. Әдебиеттану ғылымының теориялық және методологиялық жағынан өсіп өркендеуі. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясының жеке ғылым салалары ретінде қалыптасып, дамуы. 80-ші жылдардың аяғында әдебиетімізге қайта оралған "Алаш ұранды" әдебиеттің зерттелуі. Әдебиеттану ғылымының даму жолдары. Сын жанры.

30 тақырып. Қазіргі қазақ әдебиеті дәстүр мен жаңашылдық. Қазіргі поэзияның көркемдік тұтастығы мен бейнелеу құралдарының қолданылу ерекшелігі. Тәуелсіздік тұсындағы прозалық шығармалардағы ұлттық құндылықтар мәселесі. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық ізденістер. Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм. Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургия жанры. Театр және уақыт. Тәуелсіздік жылдарындағы сын жанрының дамуы және қазақ әдебиетінің зерттелуі.

«Әдебиет пәндерін оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары» пәні

1 тақырып. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Әдістеме туралы түсінік. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екені. Әдебиет әдістемесі – қазақ әдебиетінің оқыту заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылым. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі әдебиеттану ғылымымен, тіл білімімен, тарих ғылымымен, психологиямен, педагогиканың теориясымен, таным теориясымен, эстетикамен тығыз байланысты.

2 тақырып. Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктері. Поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі әңгімелерді, қарасөзбен жазылған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді. Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Әдеби шығармаларды талдауда оқушылардың өз пікірін, ойын, әсерін білу.

3 тақырып. Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері мен бағыттары. Әдеби шығармаларды сыныпта оқыту жолдары. Жоғары сыныптарда көлемді шығармаларды оқытудың үй жұмыстары арқылы жүзеге асуы.

4 тақырып. Көркем шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, басты бағыттары. Кіріспе жұмыстары. Кіріспе жұмыстары өтілгелі отырған тақырыпқа оқушыны қызықтыру, эмоцияларына әсер ету мақсатында жүргізу. Оны әңгімелеу, сол тақырыпқа байланысты қызықты қосымша материалдарды, көрнекіліктерді пайдалану арқылы немесе кинофрагменттерді көрсету, күйтабақ тыңдау т.б. жұмыстар негізінде ұйымдастыруға болады. Көркем туындыны оқыту. Көркем мәтінді талдау.

5 тақырып. Сабақ үлгілері мен түрлері. Дәстүрлі емес сабақ түрлері. Жаңа тақырыпты оқытуда, болжауда шешуші тұлға – мұғалім. Мұғалімнің әрбір әдісті алдын ала болжап, сабақ өту барысында жүйелі әрқайсысын өз орнына қою – оқу мәселелеріндегі ең маңызды кілт. Әдістерді таңдап алу – ең күрделі үрдіс.

6 тақырып. Эпикалық шығармаларды оқыту. Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері. «Абай жолы» эпопеясын оқытудың жолдары. Әңгіме жанрын оқыту және оны оқытуда қолданылатын тәсілдер. Мысал, ертегілерді оқыту. Батырлар жырын оқыту. Эпикалық шығармаларды оқытуда қолданылатын тәсіл, оқыту принциптері және өзіндік ерекшеліктер.

7 тақырып. Лириканы оқыту. Лирикалық шығармаларды орта мектепте оқыту жолдары. Лирикалық шығармаларды өтуде оқушылардың шығармашылық жұмыстары. Лирикалық шығармаларды көркемөнер туындыларымен байланыстыра өту тәсілдері.

8 тақырып. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту жұмыстары. Оқушыларды тіл мәдениетіне баулу. Ауызша тіл шеберлігіне баулу. Жазбаша тіл дамыту. Оқушыларды тіл мәдениетіне баулу арқылы сабақты өткізу, ұйымдастыру. Ауызша тіл шеберлігіне баулу және жазбаша тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

9 тақырып. Драмалық шығармаларды оқыту. Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі. Драмалық шығармаларды талдау әдістемелері. Драмалық шығармаларды оқытудың жолдары.

10 тақырып. Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту. 5-8 сыныптарда суреткер өмірінен мәліметтер берудің тиімділігі. 9-11 сыныптарда ақын-жазушы өмірбаянын тарихи әдебиеттік ізбен берілуі. Хронологиялық кесте.

11 тақырып. Шолу тақырыптарын оқыту. Шолу тақырыптарын ұйымдастыру жолдары. Шолуларда ең алдымен тарихи-саяси мәселелер, қоғам дамуының жалпы сипаты беріледі, ары қарай мәдениет, әдебиет, өнерге олардың әсері сөз етіледі. Әдеби бағыттар, жанрлар, ағымдар туралы айта отырып, ақын- жазушылар шығармашылығы (сол кезеңдегі), олардың негізгі жетістіктері әңгімеленеді. Шолу тақырыбында қамтылатын материал ауқымы.

12 тақырып. Оқушы білімін есепке алу мен бағалау. Үй тапсырмасын беру және бала білімін есепке алу жолдары. Үй тапсырмаларының түрлері. Бағалау нормативі, оған қойылатын талаптар. Сыныпта алған білімдерін бекіту. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар арқылы қабілеті, дарыны, талантын дамыту, оған әсер ету.

13 тақырып. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Әдеби теориялық ұғымдарды мектепте оқыту және жан-жақты мәліметтер беру.

14 тақырып. Сыныптан тыс жұмыстар. Сыныптан тыс оқулар. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты, маңызы міндетімен студенттерді таныстыру. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері жайлы мәліметтер беру. Сыныптан тыс оқуларға анықтама беру.

Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркемшығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелерінде сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру.

15 тақырып. Жоғары білім және әдебиет пәндері. Жоғары оқу орындарында (ЖОО) жүргізілетін әдебиет пәндері негізінен әдебиет тарихы мен әдебиет теориясының мәселелерін оқу материалдары арқылы таныстыру. Әдебиет пәндерін оқытуда ұстанылатын әдіснамалар.

16 тақырып. Әдеби әдіснамадағы қадым және жәдит оқулары. Өткен ғасырлардағы оқу түрлері - қадым оқуы, жәдит оқуы. Ондағы әдеби мәтін мазмұны мен идеясы, ұстанған бағыттары, ұстаздарының білім деңгейі, дүниеге көзқарасы, мақсат-мұраттары. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас шенінде патшалық Ресейдің Волга (Еділ) бойы, Кавказ (Қойқап), Түркістан және Орта Азияның өзге де аймақтарында уақыт талабына сай жаңаша білім беретін мектептер пайда бола бастауы.

17 тақырып. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ еліндегі жаңаша оқу-ағарту бағыты. XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының оқу-ағарту ісі туралы толғаныстары. Ш.Уәлихановтың ой-пікірлері. Ы.Алтынсариннің мектебі мен оқу құралдары, түзілісі. А.Құнабаевтың оқу-білім жөніндегі пікір-талаптары.

18 тақырып. Жоғары мектепке арналған әдебиет оқу бағдарламалары, түзушілері мен түзілісі. ЖОО-да әдебиет пәндерін оқытудың методологиясы. Жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәндерінің оқу бағдарламалары. Қазақ әдебиеті тарихына қатысты пәндердің әр жылдарда шыққан оқу бағдарламалары, олардың жасалу тәртібі, алға қойған мақсат-мұраттары. Әдебиет пәндері бағдарламаларына негіз болған ресми құжаттар. Оқу бағдарламасын жасаушылардың білім-білік, іс-тәжірибелері. Оқу бағдарламаларының бөлімдері, тараулары, тақырыптары. Әр тақырыпқа берілген қысқаша нұсқаулар мазмұнының атқаратын рөлі.

19 тақырып. Әдебиет пәндерінің жоғары мектептегі оқу құралдары, оқулық жазу ісі. Оқулық жазу ісінің маңыздылығы, жауапкершілігі, оқулықтың тілі, ғылыми деңгейі. Оқу хрестоматияларын құрастырудың өзіндік ерекшеліктері, онда қамтылатын әдеби мәтіндердің көлем мөлшері. ЖОО-ға арналған әдебиет пәндері оқу құралдарын жазған, түзген белгілі әдіскер ұстаздар.

20 тақырып. Жоғары мектептегі әдебиет дәрістерінің түзілісі, мәтіндері. Дәрістердің түзілісі мен баяндалу ерекшеліктері. Дәріс дайындау – шығармашылық процесс. Арнаулы курс түрлері мен дәрістерінің сипаты. Дәріс сабақтарында прозалық шығармаларды талдау. Дәрістерде келтірілетін дәйек-мысалдардың алатын орны. Драматургиялық мәтіндер табиғатын таныту.

21 тақырып. Жоғары мектептегі семинар сабақтары, оған қойылатын талаптар, жүргізілу барысы. Семинар сабақтары, оған қойылатын талаптар, жүргізілу барысы. Лабораториялық сабақтардың өзіндік ерекшеліктері. Студенттер атқаратын, жүзеге асыратын жұмыс түрлері. Әдебиет пәндері және курстық ғылыми жұмыстар, қорғалу сипаты.

22 тақырып. Жоғары мектепте әдебиетті оқытудағы қазіргі жаңа технологияларды пайдалану тәсілдері. Әдебиет пәндерін оқыту барысында әдістеменің бұрынғы қалыптасқан тәжірибелерін сақтай отырып, жаңаша тәсілдерді өмірге батыл енгізу. Телевизия, компьютер, интерактивті тақталар арқылы көркем әдебиет шығармаларын оқушыларға тиімді де жедел тәсілдер арқылы түсіндіру. Жаңа технологияларды пайдалана отырып жүргізілетін әдебиетті оқытудың түрлері: дамытпалы оқыту, проблемалы оқыту, модульдік оқыту, деңгейлік оқыту, компьютер арқылы әдеби мәтіндерді меңгерту технологиясы, оқытудың жобалау технологиясы, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту үлгілері, оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту мәселелері, шығарма жазуға төселдіру.

23 тақырып. Жоғары мектептегі қазіргі педагогтік іс-тәжірибе (педпрактика). Жоғары білім беретін оқу ордаларында өткізілетін педагогикалық тәжірибелер.

Педагогикалық іс-тәжірибенің (практиканың) мақсат-міндеттері, өндірістік сипаты.

24 тақырып. Жоғары мектепте әдебиет пәндерін оқыту әдістері және қазіргі методологиясы. Көркем шығарманы түсіну, қабылдау мәдениетін қалыптастыру жолдары. Әдеби көркем шығарманы тегіне, жанрына, бағытына, стиліне қарай танып білудің маңызы. Сөз, сөйлем, ырғақ, әуенділік мәселелеріне көңіл бөлу қажеттігі. Эвристикалық оқу әдісі. Әдебиетінді терең түйсіну, игеру оны саралап талдау амалдары. Репродуктивтік оқу әдісі.

25 тақырып. Жоғары мектептегі әдебиетті оқыту әдіснамасының өзге ғылым салаларымен байланысы. Жоғары мектепке арнап қазақ әдебиеті пәндерін оқытудың әдіснамалары жөнінде оқулықтар, мұғалімдерге арнап көмекші құралдар жасаған аса көрнекті әдіскерлер. Әдебиет пәндерінің тарих, педагогика, психология, тіл білімі, риторика, әдебиеттану, география, экология тағы басқа да ғылымдармен байланысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Нарыкова Г.В. Активизация учебной деятельности учащихся посредством интерактивных форм и методов обучения на уроках русского языка и литературы. – Педагогическое образования в России, 2018.
2. Попова Н.Е., Лобут А.А. К вопросу о инновационной деятельности как основе качественного развития образовательного учреждения. – Педагогическое образования в России, 2015.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или Искусство преподавания – Алматы: қазақ университеті, 2019.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2017.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 2016.
6. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 2017.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, 2015-2018 ж.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 2017.
9. Қазақ эпосы әлемдік эпостық мұра аясында. – Алматы, 2017.
10. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 2015
11. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2016.
12. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Алматы, 2016.
13. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 2017.
14. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы, 2016.
15. Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2018.
16. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2016.
17. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2017.
18. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы, 2018.
19. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана, 2016.
20. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2015.
21. Айтжанова Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдіснамасы. – Алматы, 2016.
22. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы, 2017.
23. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық-монография / Алматы, 2018.
24. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Оқулық / Алматы, 2018.
25. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері: оқу құралы / Алматы, 2017.
26. Ыбырайым Б. Сырлы әлем: Қазіргі қазақ балалар прозасы. Алматы, 2016.
27. Нұрғали Р. Драма өнері. - Алматы: Санат, 2017.
28. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. Алматы,
29. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған
30. академик Рымғали Нұрғали. – Астана, 2017.
31. Есембеков Т.У. Көркем мәтінді талдау негіздері. -Алматы, 2016.

32. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2017.
33. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы, 2016.

Қосымша:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: 2015.
2. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. -Алматы. 2017.
3. Б.Құлмағанбетова. Қазақ тілін оқыту методикасы. А, 2015.
4. Тебегенов Т. Халық аңыздары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2016. – 332б.
5. Жармұхамедов М. Айтыс өнері. –Алматы, 2017.
6. Пірәлиева Г.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. –2016.
7. Әдеби өмір шежіресі. –Алматы, 2016.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы, 2018.
9. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. –Алматы, 2017.
10. Серікқалиев З. Ақ жол. –Алматы, 2016.
11. Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы. (Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы). –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2017.
12. Педагогикалық практика (Әдістемелік нұсқауды құрастырғандар: М.Б.Көккөзова, Г.Қ.). –Алматы, 2018.
13. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. -Алматы: Қазақ университеті, 2016.
14. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
15. Елеукенова Г.Ш. Казахский художественный рассказ: филологический анализ. – Алматы, 2018.
16. Ергөбек Қ. Өлеңсөз. Қарасөз.Сарасөз. 3 кітап -Алматы, 2012.
17. Қазақтың 100 поэмасы. Көп томдық. –Алматы, 2016.